

Кімге: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Автордың аты-жөні және лауазымы: Ескелді ауданының құрылыс , сәулет және қалақұрылысы бөлімінің бас маманы А. Нурханова
Күні: 16.10.2024 ж.

Анатитикалық жазба

Тақырыбы: Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі білім берудің әлеуметтік-мәдени маңыздылығы

Кілт сөздер: бала-бақша, болашақ ұрпақ тәрбиесі, қалыптасуы

Кіріспе. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беру – қоғамның маңызды әлеуметтік институттарының бірі болып табылады. Ол балаларды дамытудың бастапқы кезеңін қамтамасыз етіп қана қоймай, елдің болашағы үшін маңызды әлеуметтік және мәдени құндылықтарды қалыптастырады. Бұл кезеңде балалардың өмірлік дағдылары, мәдени және тілдік ерекшеліктері қалыптасып, оларды мектепке және кейінгі өмірге дайындайды.

Осы баяндаманың мақсаты – мектепке дейінгі білім берудің Қазақстандағы әлеуметтік және мәдени маңыздылығын талқылау.

Негізгі бөлім. Мектепке дейінгі білім беру және болашақ ұрпақ тәрбиесіне тоқталсақ, мектепке дейінгі білім беру болашақ ұрпаққа қоғамның негізгі құндылықтарын жеткізудің маңызды механизмі болып табылады. Бала жастан қалыптасқан адамгершілік, патриотизм және толеранттылық сияқты құндылықтар олардың болашақта жауапты азамат болуына әсер етеді.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру мекемелері баланың жеке дамуына ғана емес, сонымен қатар отбасылық және қоғамдық құндылықтардың дамуына ықпал етеді. Ата-аналар балабақша тәрбиешілерімен тығыз қарым-қатынаста болып, балалардың тәрбиесіне белсенді түрде араласады, бұл қоғамдағы отбасының рөлін нығайтады.

Мектепке дейінгі балалық шақ — баланың моральдық-адамгершілік бейнесін қалыптастырудағы маңызды кезең. Дәл осы кезеңде баланың жеке тұлғасының дамуын анықтайтын құнды бағыттар, алғашқы адамгершілік түсініктері, сезімдері, әдеттері, қарым-қатынасы қалыптасады. Мектепке дейінгі білім беру үздіксіз тәрбие берудің алғашқы сатысының және балаларды ерте шақтан әлеуметтендірудің әлемдік үлгісі болып қала береді, өйткені тәрбиелік үдерістің үздіксіздігі бала өмірінің мектепке дейінгі, мектептегі және кейінгі жылдарын байланыстырады. Сондықтан да мектепке дейінгі мекемедегі баланы дамытушылық және жеке тұлға ретінде қарай отыра оның қызығушылықтары мен құқықтарын түсінуде және құрметтеуде қажет гуманитарлық жаңа жолына бағыттайтын жүйесін қалыптастыру.[1]

Тәрбиелеу мен дамыту ерте балалық шақтан басталады, бұл ғылыми тұжырымдармен дәлелденген. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдық қасиеттері зор маңызға ие. Сондықтан балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру қажет. Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы. Әлеуметтік-эмоционалды оқыту баланың дамуындағы маңызды компонент болып табылады. Ол өз эмоцияларын түсіну мен басқарудан, эмпатиядан және үнемі дамып отыратын қарым-қатынас дағдыларынан тұрады. Бала тәрбиешілермен және мектепке дейінгі ұйымның басқа да ересек адамдарымен қарым-қатынаста неғұрлым сабырлы болса, баланың психоэмоциялық аман-саулығының негізі болып табылатын оның эмоциялық және әлеуметтік құзыреті де сапалы дамиды. Мектепке дейінгі ұйымдар мен үйде балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару қажет.

Қала бала-бақшалары тәрізді, ауыл бақшасында да мектепке дейінгі балаларды оқытып тәрбиелеуде және жан - жақты дамыған жеке тұлғаны дамытуда барлық жағдайлармен қамтамасыз етілген. Мекемелердің материалдық - оқу базасы жоғарғы деңгейде жабдықталған, мұнда медициналық, психологиялық, логопедтік қызмет, физиокабинеттен тұратын сауықтыру кешені, спорттық –хореографиялық, ән – күй залдары, ағылшын және өзін-өзі тану кабинеттері бар.

Қазіргі таңда ауыл балабақшалары жаңа заман талабына сай жабдықталған, балабақшаның әр тобында балалардың жататын, ойын, киім шешетін, жуынатын, әжетханалармен қамтылған.[2]

Егер мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту сауатты ұйымдастырылса, баланың бойында жеке тұлғаның негізгі қасиеттері (ойлау, есте сақтау, зейін, қиял және сөйлеу) дер кезінде қалыптасады. Дәл осылар баланың бастауыш мектепте ғана емес, сонымен бірге кейінгі даму кезеңдерінде де ойдағыдай білім алуына мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, мектепке дейінгі жаста алған біліміміз болашақ өмірімізге әсер етеді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы тәрбие негізінен балалардың қоғамда өмір сүруге үйренуіне, басқалармен қарым-қатынас жасау мен қарым-қатынас жасаудың қажетті дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін құрдастарымен қарым-қатынас үйлесімді дамудың қажетті компоненті ретінде қызмет етеді. Басқа балалармен ойнау және қарым-қатынас жасау барысында мектеп жасына дейінгі бала дербестіктің алғашқы дағдыларын игереді, бұл баланың отбасында және болашақта мектепте өзін-өзі ұйымдастыруына негіз болады.

Елімізде жүргізілген соңғы статистикалық зерттеу қорытындыларының көрсеткіштері бойынша тұрақты мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың саны (мың адамға шаққанда) қалада **76,9** пайызды , ауылдық жерлерде **91** пайызды құраған.



Сурет- 1

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен қамту [3]

Мектепке дейінгі баланы әлеуметтендіру – мектепке дейінгі педагогиканың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

«Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» - деген қазақ халқының мақалы осы жерде орынды болар. Отбасындағы ересектердің мінез-құлқына, мәдениетіне іс-әрекетіне қарап өсіп, тәрбие көрген баланы бірден көруге болады. Балабақша ұжымы ата-аналарды ұйымдастырып, балалардың бақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шаралар жиі өткізілуі қажет. Ата-аналармен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтежелі болмақ. Біздің мақсатымыз ХХІ ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашылық, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.[1]

Балалардың әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыру әдістері. Баланың тұлғаның үйлесімді дамуы үшін балалардың әлеуметтік дамуы ажырамас педагогикалық жүйеге негізделуі керек. Баланың әлеуметтік мәртебесін қалыптастыруға әсер ететін әдістер келесі әрекеттерді қамтиды:

1. Ойын: Ойын барысында балалар өздерін қоғамның толыққанды мүшесі деп сезінетін әр түрлі әлеуметтік рөлдерді қолдануға тырысады.
2. Зерттеу: баланың тәжірибесін байытады, ол өз шешімін табуға мүмкіндік береді.
3. Сабақ қызметі: Балаға қоршаған әлемді білуге және оның танымдық мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

4. Коммуникативті қызмет: балаға ересек адаммен эмоционалды байланыс орнатуға, оның қолдауы мен бағалауына көмектеседі.
5. Осылайша, балалардың әлеуметтік дамуына жағдай жасағанда, оларда әлеуметтік тәжірибені білім мен дағдылар түрінде ғана емес, сонымен қатар ішкі әлеуетті ашуға ынталандыру қажет. [4]

Менің ойымша, мектепке дейінгі білім берудің әлеуметтік маңыздылығы төмендегідей.

Мектепке дейінгі білім беру балалардың әлеуметтенуінің алғашқы кезеңін қамтамасыз етеді. Оның әлеуметтік маңызы келесі аспектілерде көрінеді:

- **Әлеуметтік теңсіздікті төмендету:** Мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары балалардың әлеуметтік-экономикалық шығу тегіне қарамастан, оларға тең мүмкіндік береді. Бұл әсіресе аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға үлкен көмек болып табылады. Ерте жастан білім алу мүмкіндігі балалардың мектептегі табысты оқуға дайындығын жақсартады, осылайша қоғамдағы теңсіздікті азайтуға ықпал етеді.

- **Баланың әлеуметтенуіне ықпал ету:** Балалар балабақшаларда басқа құрдастарымен қарым-қатынас жасауды үйреніп, қоғамның негізгі ережелерін, нормаларын және құндылықтарын қабылдайды. Бұл олардың болашақта қоғамға сәтті интеграциялануына және өмірде өз орнын табуына көмектеседі.

- **Әйелдердің еңбек нарығына қатысуы:** Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің болуы әйелдердің еңбек нарығына белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Бұл тек анаға ғана емес, жалпы отбасыға және қоғамға экономикалық пайда әкеледі. Отбасының кіріс деңгейі өсіп, әлеуметтік тұрақтылық артады.

Мектепке дейінгі білім беру тек білім беру және әлеуметтену құралы ғана емес, сонымен бірге мәдениетті сақтау және дамыту тетігі болып табылады. Оның мәдени маңыздылығы бірнеше аспектілерден көрінеді:

- **Мәдени және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру:** Мектепке дейінгі мекемелерде балалар ұлттық салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен және мәдени мұрамен танысады. Қазақстанның көпұлтты құрылымын ескерсек, бұл өте маңызды, себебі әрбір бала өзінің ұлттық мәдениетін білуі және құрметтеуі тиіс. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде балаларды мемлекеттік тілде сөйлетуге ерекше мән беріледі, бұл тілдік бірегейлікті нығайтады.

- **Этникалық және мәдени әртүрлілікті құрметтеу:** Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелерде әртүрлі этностардың мәдени ерекшеліктері таныстырылады. Бұл балаларға өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін құрметтеуді үйретеді, мәдени әртүрлілікке деген оң көзқарасты дамытады және қоғамдағы келісімді нығайтады.

- **Өнер және шығармашылық қабілеттерді дамыту:** Мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары балалардың эстетикалық тәрбиесіне

ерекше назар аударады. Олар сурет салу, музыка, би және басқа да шығармашылық әрекеттер арқылы мәдени мұраны игереді. Бұл балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және өнерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға ықпал етеді.[5]

Қорытынды. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің әлеуметтік және мәдени маңыздылығы зор. Ол баланың толыққанды дамуына ықпал етіп қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті азайтуға, ұлттық және мәдени бірегейлікті нығайтуға бағытталған. Осылайша, мектепке дейінгі білім беру жүйесі болашақ ұрпақтың қалыптасуында және Қазақстанның тұрақты дамуына үлес қосуда маңызды рөл атқарады.

Ұсынымдар. Тәрбиеші-ұлы тәрбиенің тірегі демектей, ауылдық жерлерде орналасқан балабақшаларға, мектеп ішінде орналасқан шағын орталықтарға аса зор көңіл бөлу керек. Қазіргі уақытта мектептептерді оптимизациялау деп, мектеп шағын орталықтар жабылуда. Мектеп жабылса да, шағын орталықтарды жаппау керек. Тәрбиешілермен қатар, тәрбиешілердің көмекшілеріне де аса зор көңіл бөлу керек, олардың жалақыларын және жалақыларына ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін үстемақы қосу керек. Балабақшаларда логопед, методист, психолог лауазымдары бар, бірақ олардың штаттық бірліктері 0,5 қана, сәйкесінше жалақылары да төмен. Сол себепті, бос жұмыс орындар болып тұрсада, ешкім бармайды, барлығында бір себеп төмен жалақы. Сол себепті балабақша қызметкерлеріне жалақыны көбейту керек деп есептеймін.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. Мектепке дейінгі білім беру - **bilimkids.kz**
2. Мектепке дейінгі білім – **bilimainasy.kz**
3. Ұлттық статистика мәліметтері. <https://bala.stat.gov.kz/kz/ohvat-detej-doshkolnym-vospitaniem-i-obucheniem/>
<https://ustazmartebesi.kz/bilim/mektepke-dejingi-taerbie-men-oqytw-zhuejesindeulttyq-qundylyqtardy-qalyptastyrw/>
4. Мектепке дейінгі балаларды әлеуметтік дамыту. <https://kk.tierient.com/>
5. Қазіргі кездегі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қолданылатын технологиялар - **tarbie.kz**